

Монетарлық ынталандыруды тоқтату және импортқа сұраныстың өсуі туралы Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Әлия Молдабекованың негізгі тезистері

Дельта-штаммының тарала түсуі және жаңа карантиндік шектеулер тамыздағы мұнай бағасын белгілеуге қысым жасады. ФРЖ және ЕОБ өкілдері сандық жеңілдету бағдарламаларын тоқтатудың орындылығы туралы айтуда.

Сыртқы нарықтардағы жағдай мен дамушы елдердің нарықтарындағы жағдайды дамытудың негізгі сценарийлері туралы

Қарама-қарсы факторлардың әсері аясында сыртқы нарықтардағы жағдай әртүрлі бағытта болды. Бір жағынан, жаһандық инвесторлардың қаупі әлемдік экономиканың баяулау тәуекелдеріне (дельта тәуекелі) және АҚШ-тың ФРЖ ақша-кредит саясатын күшейтуді бастауына бағыттталып отыр.

Covid-19 дельта штаммының кеңінен таралуы аясында әлемдік экономикалық белсенділіктің біріктірілген көрсеткіші (PMI Composite) тамызда 52,6 тармақты (шілдеде 55,7) құрап, баяулауын жалғастырды. Тамызда қызмет көрсету саласындағы белсенділіктің төмендеуі (Қытай 8 тармаққа, Ұлыбритания және АҚШ 5 тармаққа) көрсеткіштің баяулай түсуінің басты факторына айналды. Көрсеткіштер жаһандық экономикалық қызметтің кеңеюін (50 тармақтан жоғары деңгей) көрсеткенмен, мамырда қол жеткізілген жоғары деңгейден (58,4) төмен болып қалды, бұл жаз айларында әлемдік экономика қарқынының төмендегенін білдіреді. Дельта штаммының әлемдік экономикаға әсері туралы алаңдаушылық инвесторлардың тәуекел-сентиментіне, яғни дамушы нарықтардың валюталары мен активтеріне қысым көрсетті.

Сонымен бірге қолдау шараларын тоқтату туралы АҚШ ФРЖ ықпалы нарықтарға әсер етпеді. Тамыздың бірінші аптасында жарияланған АҚШ-тың шілде айындағы еңбек нарығы туралы күшейтілген есеп (жұмыс орындарының саны сарапшылардың күткенінен де жоғары болып, 1053 мыңға ұлғайды) биылғы жылы активтерді сатып алу қарқынын төмендету арқылы АҚШ ФРЖ тарапынан ынталандыруды тоқтату қажеттілігі туралы алаңдаушылықтың қозғаушы күшіне айналды.

Екінші жағынан, АҚШ ФРЖ басшысының Джексон Холлдағы симпозиумда «жеңіл» сөз сөйлеуі әлемдік нарықтар үшін оң тәуекел тудырды. Саясатты күшейтуді бастау үшін «еңбек нарығында айтарлықтай ілгерілеуге» қол жеткізу туралы алдын ала қойылған талаптың орындалуын растауға қарамастан, Д. Пауэлл ынталандыруды қысқарту мөлшерлемелердің жуық арада көтерілуінің белгісі болып табылмайтынын ескертті.

Нәтижесінде айдың соңына таман дамушы нарықтардың валюталары айды бейтарап деңгейде аяқтап, яғни ЕМ индексі тамызда 0,35%-ға нығайып, теріс серпінді толығымен қалпына келтірді. Тәуекел активтері АҚШ ФРЖ Төрағасының сөйлеген сөзінен кейін қолдау тауып, тамызда АҚШ-тың

негізгі қор индекстері: бір ай ішінде S&P +2,9%-ға, Nasdaq +4%-ға, Dow Jones +1,22%-ға өсуін жалғастырды.

Мұнай бағасын белгілеу құбылмалылығының күшеюі және мұнай бағасының одан әрі өсу перспективалары туралы

Тамызда мұнай нарығындағы құбылмалылық шынымен де күшейе түсті. Айдың алғашқы күндерінен бастап-ақ отынға сұраныстың, атап айтқанда, ірі мұнай импорттаушы - ҚХР тарапынан сұраныстың күшеюіне қатысты мұнай бағасын белгілеуді төмендетудің алғышарттары қалыптасты. Шілдеде Қытайдағы экономикалық белсенділік туралы деректер 50,3 тармаққа дейін баяулауды (маусымдағы 51,3-тен) көрсетті. Сонымен қатар, Covid-19-ға мүлдем төзе алмаушылық саясаты аясында ҚХР қатаң шектеулерді ертерек енгізе бастады (әуе рейстерін тоқтату, қоғамдық көлік қозғалысын шектеу), бұл мұнайға айтарлықтай қысым көрсетті. Мұнай бағасын белгілеу ең ұзақ төмендеу кезеңдерінің бірін (7 сессия қатарынан) бастан өткерді және бір баррель үшін 65 АҚШ долларына дейін (айдың басынан бастап 20 тамызд -14,6%) төмендеді.

Тамыздың соңына таман мұнай бағасы тез қалпына келіп, АҚШ-тағы қорлардың төмендеуі туралы деректер, АҚШ ФРЖ басшысының сөйлеген сөзінен кейін АҚШ доллары бағамының әлсіреуі және Мексика шығанағындағы қатты дауылдың салдарынан мұнай өндірісінің бәсеңдеуі аясында баға бір баррель үшін 73 АҚШ долларына жетті. Нәтижесінде айдың қорытындысы бойынша мұнай бағасы 4,4%-ға төмендеді.

Covid-19 жаңа штамдарының туындау қаупі, ОПЕК+ уағдаластықтары шеңберінде өндірісті ұлғайту, сондай-ақ Американың мұнай өндірушілерінің тақтатасты мұнай өндірісін ұлғайтуы аясында АҚШ пен Қытай экономикасын қалпына келтіру туралы аралас белгілердің арқасында мұнай нарығындағы құбылмалылық жалғасуы мүмкін.

Алайда, кейбір сарапшылардың пікірінше, дельта тәуекелі мұнай нарығы үшін уақытша фактор болып табылады (ҚХР-да Covid-19 жаңа жағдайларының қатары азайып келеді, әлемде аурудың тұрақтануы байқалады), ал баламалы энергия көздеріне ауысу үрдістеріне байланысты мұнай қорының төмендеуі және мұнай-газ саласына инвестициялаудың қысқаруы бағаның бұдан былайғы көтерілуін қолдауы тиіс.

Қыркүйектің басынан бастап мұнай бағасының құбылмалылығы сақталуда, баға белгілеу 72,5-ке дейін немесе 0,58%-ға аздап төмендеді. Сауд Арабиясының Азиядағы контрәріптестер үшін бағаны төмендетуі, сондай-ақ Covid-19 дельта штаммының таралу әсерінің жалғасуы аясында мұнай өндіруші елдердің нарықтағы үлесі үшін бәсекелестіктің өсуіне байланысты қара алтын нарығындағы жағымсыз көңіл-күй орын алды.

Мексика шығанағындағы дауылдың салдарынан осы өңірдегі мұнай өндірісінің 80%-ға жуығының тоқтап қалуы мұнай бағасын белгілеуге аздаған қолдау көрсетті. Алайда, бұл қолдау факторы уақытша болуы мүмкін, сондықтан мұнай нарығындағы тұрақсыз жағдайдың сақталуы күтілуде.

Мұнайдың белгіленген бағасының төмендеуінің ұлттық валютаға тигізген әсері туралы

Мұнай бағасының айтарлықтай төмендеуіне қарамастан, теңгенің айырбастау бағамы тамызда 425,42-ге дейін 0,2%-ға ғана әлсіреді. Экспорттаушылардың салық міндеттемелерін орындау үшін шетел валютасын сатуы мұнай бағасын белгілеудің төмендеуіне байланысты теңгенің құбылмалылығын реттеді. Тамыз айы экспорттаушы компаниялардың тоқсандық салықтарды (ренталық салық, ПҚӨС және басқалары) төлеу кезеңі болып табылады, сондықтан төлемдер көлемі алдыңғы жаз айларына қарағанда ірірек болып табылады.

Квизимемлекеттік сектор субъектілері тарапынан міндетті сатулар (212 млн АҚШ доллары) және бюджетке трансферттерді жүзеге асыруға арналған Ұлттық қор қаражатын конвертациялау жөніндегі операциялар да теңгені қолдай түсті.

Экономикалық белсенділікті қалпына келтіруді жалғастыру аясында бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша импорттың өсуі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 9,2%-ды құрады. Жалғасып келе жатқан фискалдық ынталандырумен қатар бұл шетел валютасына деген сұраныстың артуын қолдады.

Қолма-қол шетел валютасының ұлғаюы мен оған сұраныс арта түсті. Халық биылғы жылғы маусымдағы 555 млн АҚШ долларына қарсы шілдеде 624 млн АҚШ доллары сомасында шетелдік қолма-қол валютаны сатып алды.

Жалпы алғанда, нарық теңдестірілгенін және тамызда Ұлттық Банк валюталық интервенция жүргізбегенін атап өткен жөн.

8 қыркүйектегі жағдай бойынша теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы мұнай бағасының теріс серпініне байланысты айдың басынан бастап 0,2%-ға әлсіреп, 426,37 теңгені құрады.

Тамызда айындағы алтын-валюта резервтерінің жағдайы туралы

Алдын ала деректер бойынша алтын-валюта резервтері бір айда 1,8 млрд АҚШ долларына ұлғайып, 36,8 млрд АҚШ долларын құрады.

Негізінен 1,7 млрд АҚШ долларына өскен еркін конвертацияланатын валютадағы активтер есебінен резервтердің өсуі орын алды. Арнайы қарыз алу құқықтарының немесе 1,6 млрд АҚШ доллары сомасына Халықаралық Валюта Қорынан SDR деп аталатын құқықтардың келіп түсуінен айтарлықтай өсудің орын алғанын көреміз.

Алтын бағасының бір унция үшін 1 814 АҚШ долларына дейін 0,8%-ға төмендеуіне қарамастан, басым құқықты іске асыру шеңберінде алтын сатып алу есебінен алтын портфелінің 134 млн АҚШ долларына өсуі резервтерге қосымша қолдау көрсетті.

Қарыз алудың арнайы құқықтары және оларды қолдану мақсаттары туралы

SDR – еркін конвертацияланатын валюталарға айырбасталуы мүмкін ХВҚ-ның есеп айырысу бірлігі болып табылады, ал оның құны негізгі валюталар қоржынына: АҚШ долларына, еуроға, юаньға, жапон иенасына және фунт стерлингке байланысты болып табылады. ХВҚ мүшелері SDR-ді өз қалауы бойынша қолдана алады, мысалы, ХВҚ-да бұрын алынған қарызды өтеу мақсатында қолдануға болады. Сонымен қатар, дамыған елдер мен борыштық жүктемесі төмен елдер дағдарыстан кейін өз экономикаларын қалпына келтіру мақсатында SDR-і осал елдерге көмек ретінде SDR-ді ерікті түрде бере алады.

23 тамызда ХВҚ Кеңесінің 650 млрд АҚШ долларына (шамамен 456 млрд SDR) тең сомаға SDR шығару тарихындағы ең ірі SDR шығару және тарату туралы шешімі қабылданды. SDR-дің қосымша шығарылымы ХВҚ-ға мүше елдер арасында олардың ұйымдағы квоталарына сәйкес тепе-тең бөлінді. Бұл бөлу елдерге қосымша қаражатқа қол жеткізуге және сол арқылы дағдарыстан кейін қалпына келтіру кезінде әлемдік экономика үшін тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналды.

ХВҚ-дағы квотаға сәйкес Қазақстан 1,6 млрд АҚШ долларына тең 1,11 млрд SDR алды. Өздеріңіз көріп отырғандай, таратылған SDR Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтерін толықтырды.

Тамыз айында Ұлттық қордың валюталық активтері көлемінің өзгеруіне әсер еткен факторлар туралы

Мен әлемдік нарықтардағы көп бағытты серпінді атап өткім келеді. Акциялар индекстерінің тұрақты өсуі аясында Ұлттық қордың акциялар портфелі 430 млн АҚШ долларына немесе 2,52%-ға өсті, бұл облигациялар мен алтын бағасының төмендеуін өтеді.

Ұлттық қордан бюджетке бөлінетін кепілдендірілген және нысаналы трансферттер көлемі 396 млрд теңгені құрады. Трансферттер бойынша өтінімдерді орындау мақсатында 845 млн АҚШ долларына немесе теңгедегі баламасында 359 млрд теңгеге валюталық активтер сатылды. Трансферттер бойынша міндеттемелердің қалған бөлігі Ұлттық қордың теңгедегі шотындағы қаражат қалдығы есебінен қанағаттандырылды.

Тамыз салық айы екенін ескере отырып, біз Ұлттық қорға түсетін түсімдер көлемінің өсуін байқадық. Осылайша, шетел валютасындағы түсімдер көлемі 506 млн АҚШ долларын құрады.

Нәтижесінде, жедел деректер бойынша тамыздың соңында Ұлттық қордың валюталық активтері бір айда мүлдем өзгермей, 56,9 млрд АҚШ долларын құрады.

Ұлттық қордың инвестициялық кірісі тамызда 316 млн АҚШ долларын немесе 0,56%-ды құрады, ал жыл басынан бері инвестициялық кіріс шамамен 2,3 млрд АҚШ долларына немесе 4,1%-ға жетті.

Елдің егемен рейтингін қайта қарау кезінде халықаралық рейтингтік агенттіктердің шешімдеріне әсер еткен факторлар туралы

Тамызда және қыркүйектің басында барлық үш халықаралық рейтинг агенттіктері: Moody's, Fitch Ratings және S&P елдің рейтингін қайта қарау бойынша раунд өткізді.

Өткен сұхбатымда Moody's агенттігінің Қазақстанның кредиттік рейтингін «оң» болжамымен «Баа3» деңгейінен «тұрақты» болжамымен «Баа2» деңгейіне дейін көтеретіні туралы айтқан едім. Moody's 2006 жылдан бері алғаш рет бізге рейтингті көтергенін және Қазақстан рейтингісі көтерілген әлемдегі бес елдің біріне айналғанын, ал рейтингтің барлығы 144 ел үшін қайта қаралғанын атап өткен маңызды деп ойлаймын.

Fitch Ratings және S&P агенттіктері Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингін «тұрақты» болжамымен растады.

Шынында да, барлық үш агенттік сыртқы күтпеген өзгерістерге еліміздің орнықтылығын қолдау факторы ретінде Қазақстанның елеулі сыртқы резервтерінің болуын атап өтті, бұл тәуелсіз рейтингті анықтау кезінде оң әсер етеді.

Агенттіктердің атап өтуі бойынша, жаңа бюджеттік қағиданы енгізу және контрциклді бюджеттік саясатқа көшу жұмыстары Ұлттық қор активтерін жинақтауға және болашақта борыштық жүктеменің төмен деңгейін ұстап тұруға ықпал ететін болады.

Рейтингтік агенттіктердің пікірінше, Ұлттық Банктің инфляциялық таргеттеу режимі мен құбылмалы айырбастау бағамы шеңберіндегі саясаты Қазақстанның макроэкономикалық және сыртқы орнықтылығын қолдайды.

S&P сарапшылары Ұлттық Банк тарапынан транспаренттіліктің күшеюі, атап айтқанда, Ұлттық қордың валюталық операцияларын жариялау, Ұлттық Банктің Қаржы министрлігімен кірістілік қисығын құру бойынша бірлескен жұмысы, Ұлттық Банктің өкілеттіктерінен қаржылық реттеу бойынша функцияларды бөлу жүргізіліп жатқан ақша-кредит саясатына деген сенімді арттыратынын қосымша атап өтті.

Теңге бағамына әсер ететін факторлардың бұдан былайғы серпіні бойынша болжамдар мен күтулер туралы

Түбегейлі ештеңе өзгерген жоқ. Ішкі факторлар тарапынан экономикалық белсенділіктің тұрақты қалпына келуі және фискалдық ынталандыру импортқа сұранысты және тиісінше шетел валютасына сұранысты туындатады.

Сыртқы факторлар: коронавирустың дельта штаммы экономикалық өсу қарқыны бойынша болжамдардың төмендеуіндегі негізгі тәуекел болып қала береді. Жаһандық іскерлік белсенділіктің бәсеңдеуі мейрамхана бизнесі мен туризм сияқты қызмет көрсету саласындағы ахуалдың нашарлауымен, сондай-ақ бірқатар елдердегі шектеу шараларымен түсіндіріледі.

Мұнайға деген әлемдік сұраныстың қалпына келуіне және мұнай қоймаларындағы қорлардың төмендеуіне қарамастан, жаһандық экономикалық өсудің баяулауы мұнай бағасын белгілеуге қысым көрсетуді жалғастыруы мүмкін. Сонымен қатар, 1 қыркүйектегі отырыстың қорытындысы бойынша ОПЕК+ эпидемиологиялық жағдай нашарлаған кезде

мұнай бағасын түзетуге алғышарттар жасай отырып, ай сайын мұнай өндіруді өсіру қарқынын тәулігіне 400 мың баррельге сақтау туралы шешім қабылдады.

Нарықтардағы сентиментке келетін болсақ, біз жаһандық проинфляциялық қысымның өсуін байқаймыз. Осыған байланысты ФРЖ және Еуропалық орталық банк өкілдері сандық жеңілдету бағдарламаларын тоқтатудың орындылығы туралы мәлімдеуде. Бұл қаржы нарықтарындағы, ең алдымен, дамушы елдердің активтеріне қатысты құбылмалылықтың өсуіне алып келуі мүмкін.